

## Тұрғын үйді пайдалануға төлем мөлшерін белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі N 359 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зайсан аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 20 мамырда 5-11-134 тіркелді. Күші жойылды - ШҚО Зайсан ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 02 шілдедегі N 1078 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ШҚО Зайсан ауданы әкімдігінің 2012.07.02 N 1078 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабының 1-тармағына сәйкес Зайсан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік жалдау үйлерінде тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалпы алаңының бір шаршы метріне ай сайынғы төлем мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р.Қ. С а н с ы з б а е в қ а жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *С. Зайнулдин*  
З а й с а н а у д а н ы әкімдігінің  
2 0 1 1 ж ы л ғы 1 8 сәуірдегі  
№ 359 қаулысына қосымша

### **Мемлекеттік жалдау үйлерінде тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалпы алаңының бір шаршы метріне ай сайынғы төлем мөлшері**

Төлем мөлшері мына формула бойынша есептеледі:

$$A = C : T : 12 \text{ ай}$$
$$64,44 = 64992,25 : 125 : 12,$$

О Н Д А Ғ Ы :

А – мемлекеттік жалдау үйлерінде тұрғын үйді пайдалануға төлем, теңге;  
Ц – тұрғын үйдің жалпы алаңының бір шаршы метрінің құрылыс құны, теңге,  
64992 (алпыс бес мың тоғыз жүз тоқсан екі) теңге 25 (жиырма бес ) тиын;  
Т – ғимараттың қызмет ету есептік мерзімі, жыл, 125 (жүз жиырма бес) жыл.

р/с №	Үйдің мекен жайы	Төлем мөлшері
1	2	3
1	Зайсан қаласы, Спамбетов көшесі, 1	64 (алпыс төрт) теңге 44 (қырық төрт) тиын

*Аппарат басшысы*

*Н. Қараталов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК